

Әбідін З.А.
**Араб тіліндегі
кірме сөздер**

Кез келген тіл сияқты араб тілі де өзінің ұзақ даму тарихында өзге тілдерге ықпал ете отырып, өзі де сол тілдердің ықпалына ұшыраған. Бұл үдеріс қазір де жалғасын тауып отыр, оны араб тіліндегі кез келген ғылым саласына тән терминдер жүйесінен, тілдің сөздік қорынан көруге болады. Араб тілінің сөздік қорында өзге тілдерден енген сөз бірліктерінің үлесі айтарлықтай. Кірме сөздерді қабылдауы мен игеруі жағынан араб тілі – семит тілдерінің ішіндегі ең бай тіл. Кірме сөздердің араб тіліне ену кезеңдеріне байланысты олардың тілге сіңу және игерілу дәрежесі әртүрлі.

Мақалада араб тілінің сөздік қорындағы кірме сөздер, олардың тілге ену кезеңдері мен әдістері туралы айтылады.

Түйін сөздер: араб тілі, арамей тілі, парсы тілі, түрік тілі, кірме сөздер, ассимиляциялану.

Abidin Z.A.
**Lexical borrowings
in Arabic language**

This article reviews the lexical borrowings and neologisms in Arabic language also their degrees of adaptation and assimilation.

Key words: arabic, aramaic language, persian, turkish, borrowed words, assimilation.

Абидин З.А.
**Лексическое заимствование
в Арабском языке**

В арабском словаре имеется значительное количество иноязычной лексики. В статье рассматривается лексическое заимствование в арабском языке, источники и периоды заимствований и степени их ассимиляции.

Ключевые слова: арабский язык, арамейский язык, персидский язык, турецкий язык, заимствование, ассимиляция.

АРАБ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР

Кірме сөздердің араб тіліне ену кезеңдеріне байланысты олардың тілде игерілу дәрежесі әртүрлі, мыс., «классикалық кезеңдегі кірме сөздерге тән қасиет олардың толықтай дерлік игерілуі, ассимиляцияға ұшырап, тұрақтануы, ал қазіргі заманғы еуропа тілдерінен енген кірме сөздер тілдің лексика-семантикалық жүйесінде толық игерілмеген, толық аяқталмаған үдеріс» [1, 98 б.] Классикалық кезеңде енген сөздер тарихи ұзақ мерзімде тілге сіңіп, араб тілінің төл сөздері сияқты сөзжасам ережелеріне бағынып, олардан туынды сөздер жасалған.

Кірме сөздердің ассимиляциялану деңгейі олардың тілге ену әдістеріне де байланысты жүзеге асады, 1) ұзақ уақыт бойы ауызекі тілде қолданылып, сол тіл өкілдерінің қатысуымен қайта өңделіп, өзгеріске ұшырап енген сөздер; 2) жазба тіл арқылы енген кітаби лексика [1, 99]. Алғашқы әдіспен енген сөздердің тілге сіңу деңгейі жоғары, олар араб тілінің фонетикалық, морфологиялық, сөзжасам қағидаларына бағынып, осы тілдің төл сөздеріндей қабылданса, 2-топтағылары көбінесе жазба тілде қолданылып, көп өзгеріске түспеген сөздер. Сонымен қатар, кірме сөздердің игерілу дәрежесі олардың төркініне – тілдік семьясына да байланысты. Генетикалық және құрылымдық жағынан ортақ белгілері мен қасиеттері арқылы бір тілдік семьяда болып табылатын тілдердің бір-бірімен ықпалдасуы, сөз алмасуы және ауысқан сөздерді игеруі дыбыстық жүйесі мен морфологиясы бөтен, басқа тілдік бұтаққа, семьяға қатысты тілдермен салыстырғанда терең де оңай болатыны белгілі.

Араб тіліне сыртқы лексикалық-семантикалық ықпалдардың түрлі болғаны белгілі, олардың әсері нәтижесінде «а) кірме сөздер; ә) калька сөздер; б) кірме мағыналар» пайда болды [1, 98].

Ерте дәуірде араб тілінің сөздік қорының кірме сөздермен толығуы алғашқыда жекелеген адамдардың қатысуымен жүзеге асқан болса, кейінірек араб қоғамында орын алған түбегейлі өзгерістермен қатар жүрді. Арабтар өз аумақтарынан географиялық тұрғыдан алыстаған сайын бейтаныс дүние – жан-жануарлар мен өсімдіктер атауларында, егіншілік пен қолөнер – материалдық мәдениеттің басқа да салаларына байланысты, бұрын тілде болмаған ұғымдарды білдіру үшін басқа тілдерден жаңа лексика мен терминдер қабылданды. Сонымен қатар бұ-

рын тілде бар сөздерді кірме сөздердің ығыстырып шығаруы, кейде араб тілінің төл сөздері мен кірме сөздердің синоним түрінде қатар қолданылуы да жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, басқа тілдерден енген мына сөздер: *yamm* – арабша *bahr* – теңіз, *sirat* – арабша *tariq*, *sabīl* – жол, *tur* – арабша *jabal* – тау, **qostas** – арабша *mizan* – таразы, т.б. Құранда араб сөздерімен синонимдік қатарда қолданылған осы **qostas** – **қостас**, (арабша *mizan* – таразы) сөзінің төркіні түркілік (оның ішінде қазақ тіліне де өте жақын) екені көрініп тұр.

Классикалық дәуірдегі араб сөздігінің баюына ең көп әсер еткен тіл – парсы тілі. «Исламға дейін кең қолданыста болған көптеген парсы сөздері кейін тілден шығып қалды» [1, 100]. Соған қарамастан, араб тіліндегі кірме сөздердің ішінде парсы сөздері басымдыққа ие. Бұл тілден енген сөздердің негізгі бөлігі отырықшы мәдениеттің, үй шаруашылығы, ыдыс-аяқ, сондай-ақ еңбек құралдары, қолөнер бұйымдары мен асыл тастар, минералдар және дәрі-дәрмек атауларына байланысты болып келеді. Мысалы: *‘ibriq* – тұтқасы мен шүмегі бар құмыра – қазіргі шайнек; *jaḡḡah* – су таситын құмыра, *kuḡ* – көзе, тұтқалы құмыра; *tabaq* – табақ, тарелке; *qas‘ah* – ағаш табақ, шара; *finjan* – чашка; *sham‘adan* – шамтұғыр (шам қойғыш); *siraḡ* – шырақ, шам; *kis* – қалта, қап; *sarj* – ер; *ḡanjar* – қанжар; *zinjir* – шынжыр; *fulaz* – болат; үй және оның бөліктеріне қатысты сөздер: *dihliz* – алдыңғы бөлме, дәліз; *suradiq* – балдахинді павильон; (айрықша жағдайларда қойылатын) *sirdab* – жертөле; *ḡandaq* – ор, шұңқыр; *mata*, *teri* – киім тігуде қолданылатын заттар: *ibraysam* – бархат; *dibaj* – парча; *sundus* – жұқа парча; *istabraq* – қалың парча; *samtur* – бұлғын; *sinjab* – тиін; *qadam* – ақ тышқан; *jawrab* – шұлық; *tarbush* – феска т.б. асыл тастар мен минералдардың атаулары: *jawhar* – асыл тас, жауһар; *jamast* – аметист; *figuzaj* – көгілдір ақық – бирюза; *yaqt* – жақұт; *baḡ-baḡsha* дақылдары және мәдени өсімдіктердің атаулары: *narjis* – нарцис; *banafsaj* – фиалка-шегіргүл; *yasmin* – жасмин; *babunaj* – түймедақ; *ḡiyar* – қияр; *‘isbanah* – шпинат-саумалдық; *ful* – бұршақ», *ustaz* – жетекші, ұстаз; *barnamaḡ* – бағдарлама; *wazir* – уәзір, министр; *bustan* – бақ; *diwan* – өлеңдер жинағы; *dustur* – конституция; (бастапқы мағынасы – «ереже») *‘askar* – әскер; *tiraḡ* – стиль; *namuzaj* – үлгі; *fihris* – тізім; *mahrajan* – мереке, фестиваль; *maidan* – алаң; *darwish* – дәруіш; *bah‘si’s* – бахшиш; парсы тілінен енген бұл сөздердің көбі қазіргі араб тілінде кең қолданыста, олардың кейбірінің бастапқы мағынасы азды-көпті өзгеріске

ұшыраған. «Парсы тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздер де бар. Мысалы: *bitaqah* – карточка; *daftar* – дәптер; *ratinaj* – смола, шайыр; *sukkar* – қант, шекер; *‘aguzz* – күріш; *shatranj* – шахмат, т.б.» [1,100].

Араб тілінің сөздік қорын толықтырған тілдердің бірі – **арамей тілі, оның сириялық диалектісі**. Арамей тілі – семит тілдерінің бір бұтағы. Арамей тілінен өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесіне байланысты, егіншілік және қолөнер ұғымдарына қатысты сөздер енген. Мысалы: *buḡ* – тың (өңделмеген) жер, *tur‘ah* – канал, *saḡiyah* – арық, *tahun* – диірмен, **tannur** – **тандыр**, *‘attun* – үлкен пеш, *libn* – кам кірпіш, *‘ajjur* – күйген кірпіш, *mirwahah* – желпуіш, *veer*, **qufl** – **құлып**, *sikkin* – пышақ, *mismar* – шеге, *fahhar* – қыш ыдыс, *sirbal* – жейде, көйлек, киім, **hullah** – **екі құрамдас бөліктен тұратын әдемі көйлек (қазіргі тілде костюм)**, *‘iklil* – диадема, *qubba‘a* – бас киім; кәсіп атауларына қатысты сөздер: *hayuat* – тігінші, *sarraḡ* – алмастырушы, *fallah* – егінші шаруа, *fahḡar* – қыш құмыра, *qassar* – мата бояушы, *mallah* – теңізші, *najjar* – ағаш шебері, *rubban* – капитан, **qassab** – **қасапшы, мал союшы**» [1,101]. бұл сөздердің ішінде айрықша әріптермен берілген сөздер араб тілі арқылы қазақ тіліне де енген.

Араб тіліндегі христиан дініне байланысты сөздердің де басым бөлігін осы арамей тілінен енген сөздер құрайды. Мысалы: *kanisah* – шіркеу, *daug* – монастырь, **qurban** – **құрбандық шалу**, *naḡs* – қоңырау, *mazbah* – алтарь. Сонымен бірге мына сөздердің де шығу төркіні арамей тілі деп көрсетіледі. Мысалы: **‘alam** – **әлем, ғалам**, *hayah* – өмір, **hayawan** – **жануар**, *zaytun salah* – намаз, *ḡatam* – сақина, перстень, *taba‘* – мөр, **kitab** – **кітап**, *kurḡas* – дәптер.

Араб тілінің сөздік қорында эфиоп, көне еврей, копт тілдерінен енген сөздер де бар. Мысалы, «...*minbar* – мінбе, *mihraḡ* – михраб (қыбыла жақты нұсқаушы)», *mushaf* – Құран бумасы, *muḡafiq* – екіжүзді, аяр, *burhan* – түсініктеме, дәлел, *ma‘idah* – ас үстелі, дастархан – сөздері эфиоп тілінен, ал йудаизм дінінің реалийлеріне байланысты сөздер, мысалы, **talmud** – **талмуд**, **turah** – **тора**, **ḡaham** – **раввин**, **fish** – **пасха**, *magallah* – кітап, » (1,102) көне еврей тілінен, ал **qutn** – **мақта** копт тілінен енген. Осы жерде айта кететін бір нәрсе – ол қазақ тіліндегі кейбір араб сөздерінің түп-төркіні тым әріде екені байқалады.

Алайда «...**араб тіліне басқа семит тілдерінен енген деп танылатын көптеген сөздердің нақты этимологиясын анықтау қиын. Бұл тілдердің сөзжасам жүйесінің ұқсастығы мен**

түбірлердің ортақ болуы, тарихи-тілдік мәліметтердің болмауы да туыс тілдердегі кең қолданыстағы сөздердің бастапқы шығу төркінін дәл анықтауды қиындатады» [1,102-103].

Араб тіліне византиялық дәуірдегі грек тілінен түрлі ғылым салаларына байланысты терминдер, сонымен қатар тұрмыстық сөздер де енген. Мысалы: *'ustūrah* – аңыз, тарих, *jīns* – тек, сұрып, *dirham* – дирхем, *zawj* – жұп, *falsafa* – философия, *қаңцп* – заң, *муқиқа* – музыка, *lugah* – тіл, *ustūl* – флот, *funduq* – қонақ үй, *nafuḡah* – субұрқак, фонтан, *qarīb* – қайық, *kuḡunb* – орамжапырақ, *qirmid* – черепица, *qamīs* – көйлек, жейде, *qindil* – шырағдан, шам.

Латын сөздері болып танылатын сөздер негізінен арамей және грек тілдері арқылы енген. Мысалы, *barid* (*veredus* – почта аты) – пошта, *qasr* (*castra*) – сарай, *sirat* (*strata*) – жол, *burqan* – бұлқан, вулкан, *qantarah* – арка, *qintar* – кантар (салмақ өлшемі), *dinar* – динар (ақша бірлігі), **qaysar – патша, цезарь.**

Араб тілі мен түркі тілдерінің арасындағы ықпалдастықты жүзеге асырушы тіл, негізінен түркі тілі болды. **«Араб – түркі тілдерінің өзара ықпалдасуы жан-жақты да күрделі тілдік құбылыс болып табылады»** [1, 108]. Түркі тіліне араб лексикасы өте көп енгені мәлім, олардың басым бөлігі бастапқы мағынасын сақтап қалса, енді біраз бөлігі түркілік жаңа семантикалық, грамматикалық интерпретацияға ұшырады. Ұзақ тарихи мерзімді қамтыған осман-түркі билігі тұсында араб мемлекеттері аумағында мемлекеттік тіл қызметін түркі тілі атқарды. Осы кезеңде араб тіліне, әсіресе, оның жергілікті диалектілеріне түркі лексикасы да көптеп енді. **Түркі тілінен енген сөздерді екі топта қарастыруға болады: 1) шығу төркіні жағынан таза түркі сөздері; 2) түркі тілінің фонетикасы, морфологиясы мен сөзжасам жүйесінің заңдылықтары бойынша өзгеріске ұшыраған араб сөздері.** [1,108].

Араб тіліне түркі тілінен негізінен әскери және әкімшілік лексика, мысалы: *wuḡaq* – ошақ – әскери корпус – құрамында мәмлүктер мен түркі жауынгерлері бар әскери бөлім; *buluk* – ошақтан кішірек әскери бөлім; аға немесе бас-баш сөзімен жасалған әскери шен атаулары: *qul agasy* – қол ағасы – күзет ағасы, *buluk agasy* – бөлік ағасы (бөлім басшысы), *unbashu* – онбасы, *uzbashu* – жүзбасы, *binbashu* – мыңбасы, *buyukbashu* – жоғарғы қолбасшы, т.б. Мұндағы «*buyuk*» сөзін қазақ тіліндегі «биік» сөзімен төркіндес деуге болады, дәл сол «*buyuk*» түрінде кейбір түркі тілдерінде (мысалы өзбек) айтылады. *Shawush*

– шәуіш – ең төменгі әскери шен. **«Шәуіш» сөзі түркі тілдерінің бірқатарында кездеседі** [5, 45]. Әскери бөлімдердің қатардағы жауынгерлері ***yuldash* – жолдас, *yasajjiu* – жасақшы** – консулдықтағы қарулы күзетші, т.б. Сонымен қатар сан-салалы тұрмыстық сөздер де көптеп енген. Араб тіліне түркі тілінен еніп кең қолданыс тапқан мына сөздерді атауға болады: *'araba* – арба, *bugaz* – бұғаз, айлақ, *sanjaq* – ту, *baḡraq* – жалау, *tamḡah* (*damḡah*) – тамға-танба (орыс тілінде гербовая марка), *jazmah* – етік, *tanakah* – кофе әзірлеуге арналған ыдыс, *shantah* – шабадан (чемодан), *sujuq* – шұжық, *kabab* – кебаб, *buzah* – сыра, боза, *boyah* – бояу, *badḡum* – жертөле, *kubri* – көпір, *qalawuz* – бұранда шеге, *burgiyy* – винт, т.б; **«tajastana – свободно улечься»** [2,130] сөзі де түркілік түбір сияқты, себебі бұл сөз араб тілінің төл сөзі болса, одан түбір ұясында кемінде бірнеше сөз туындар еді, ал ол жалғыз берілген. Бұл қазақ тіліндегі «жастан (-у)» сөзімен мағыналас екені көрініп тұр, бұл сөз сонымен қатар үлкен сөздікте алфавиттік тәртіпте «*jastana*» ұясында көрсетілген.

Түркі тілінің - жіуу (қазақ тіліндегі -шы) жұрнағымен араб тілінде бірқатар сөздер жасалған, мұндай сөздер кәсіп атауларын білдіреді. Олар араб тіліндегі негіздерге жалғану арқылы да жасала береді, не болмаса түгелімен түркілік болуы да мүмкін. Мысалы: *'arabajjiu* – арбакеш, *atashjiu* – от жағушы, *mahzanjiu* – қоймашы, *nawbatjiu* – кезекші, *midfa'jiu* – артиллерист, зеңбірекші, *tilifunjiu* – телефонист, т.б. Бұл морфема арқылы жасалған сөздер араб тілінде өте көп болғанымен, олардың басым бөлігі жергілікті диалектілік деңгейінде қолданылып, араб әдеби тіліне тереңдеп кірмеген.

Араб-түркі контаминациясы араб сөздерінің түркілік қолданыс арқылы тілге қайта келу құбылысынан көрінеді. Түркі боданынан босағаннан кейінгі кезеңде араб елдерінде әкімшілік, заңдық, әскери терминологияда **түркі тілінің әсерімен бастапқы мағынасы өзгерген араб сөздері қолданылды** [1,109]. Мына араб сөздері түркі тілінен морфологиялық қана емес мағыналық жағынан да азды-көпті өзгеріп, қайта енген сөздер болып табылады: *'imda'* – қол қою (подпись), *'irad* – кіріс, табыс, *gasm* – пошлина (салық түрі), *awḡaq* – құжаттар, *qaraq* – қаулы, қарар; *ma'ash* – зейнетақы, *muqawalah* – мердігерлік, *tahsil* – оқыту, *ta'assub* – фанатизм, т.б.

Араб негіздерінің қосылуы арқылы жасалған мынадай сөздер де түркі тілінің әсерімен пайда болған. Олар: *'ardhal* – арыз, өтініш, *qa'immaqam*

– округ бастығы; ал мына сөздер араб негіздері мен түрік тіліндегі -lik немесе парсының -dar аффикстері арқылы жасалып, араб тіліне қайта енген, олар: haramlik – үйдің әйелдер отыратын бөлігі, salamlık – қонақ бөлме, hukumdar – полицмейстер, silahdar – қару ұстаушы.

Араб тілінің сөздігінде географиялық тұрғыдан араб елдерінен алыста жатқан халықтардың тілдерінен аралық тілдер арқылы енген сөздер де бар. Мысалы: batal – батыр (монғол), kursiyu – тақ, орындық (қытай), misk – мускус (санскрит), сөздері енген [1,103]. Осы тұста айта кететін бір мәселе, араб тіліндегі «batal» – «батыр» монғол сөзі деген дерекке қатысты, бұл сөз этимологиялық сөздіктерде монғол сөзі деп келтіріледі. Біз бұл ойға күмәнмен қараймыз, себебі, «батыр» сөзінің кейбір тілдердегі (мысалы, өзбек тіліндегі) нұсқасы – «баһадур» (орыс тілінде – богатырь) яғни «baḥa’u» және «dur» сөздерінің бірігуінен жасалғаны анық көрінеді. Бұл сөздің алғашқы бөлігі араб тіліндегі Баһауддин т.б. сөздерде кездесетін арабша «baḥa’u» – красота, великолепие, блеск» ал «dur» – «dar» сөзінің көптік формасы. Үлкен арабша-орысша сөздікте бұл сөздің 1) мағынасы «жилище, дом»; 2) страна және 3) «поле» (напр. шахматной доски) деп көрсетілген, олай болса, «баһадур – батыр – богатырь – батоор» түрінде кездесетін бұл сөздің түп-төркіні араб сөзі, яғни орысша мағынасы «красота, блеск поля», қазақ тілінде «(күрес-шайқас) алаңының жарқылы, яғни «батыр». Ал қазіргі араб тіліндегі «батыр» мағынасындағы «batal» – түрі сол араб сөзінің басқа тілдерге ену арқылы өзгеріп, тілге қайта енуі, бұл тілдер арасындағы ықпалдастықта кездесетін құбылыс.

Араб тіліне ағылшын, орыс тілдерінен енген сөздер онша көп емес. Мысалы, ағылшын сөздері саусақпен санарлық, олар: lanch – катер (launch); winsh – көтергіш кран (winch); warshah – шеберхана (workshop), т.б. Ал орыс сөздері мүлдем аз, түрік тілі арқылы орыс тілінен shau – шай сөзі енген. Аударма әдебиеттерде орыс және кеңестік

реалийлерге қатысты сөздер кездеседі. Мысалы: samawar – самауыр; fudka – водка; sufyat – совет; lıniniyu – лениншіл; balshafiyu – большевик; kulhuz – колхоз; sufhuz – совхоз; Спутник-1 сөзі жалқы есім түрінде қолданылады.

Жаңа заманда араб елдеріндегі араб әдеби тіліне кірме сөздердің енуі ол елдермен мәдени, саяси және экономикалық қарым-қатынас жасап отырған көршілес еуропа елдеріне, ол елдердің тілдеріне байланысты болды. Солтүстік Африка – Мағриб елдерінде және Сирия мен Ливанда француз, Ливияда – итальян, Египетте және Иракта ағылшын тілдерінің әсері, олардан кірме сөздердің енуі көптеп байқалды.

Қазіргі заманғы кірме сөздер араб жазуы арқылы транслитерация әдісімен игеріледі, мұндайда шет тілінен енген сөз құрамындағы дауысты дыбыстар алиф, `ya`y, йа - لا، ي، әріптерімен немесе жартылай харекеттермен беріледі. Олардың көптік формалары көбінесе ұзақ - ату аффиксімен жасалады, ал – иййун қосымшасы арқылы қатыстық сын есімдер, – иййатун қосымшасымен дерексіз (абстракт) есімдер жасала алады.

Араб тілінің кірме сөздерді қабылдау мүмкіндігі жоғары. Оның лингвистикалық жүйесі басқа тілдерден енген сөздердің оңай бейімделуіне, сол арқылы ол сөздердің арабтануына қабілетті. «...тіл тазалығын жақтаушы пуристік көзқарасты ұстанушылар бір кездегі ұлан-ғайыр аумақ халықтарының ғана емес әдебиет пен сансалалы ғылым тілі болған араб тілінің дамуына кедергі келтіріп отыр. Бұдан «тіл зардап шегеді» дейді оларды сынаушылар [4, 8].

Тілдер арасындағы ықпалдастық – үздіксіз жүретін қоғамдық-әлеуметтік үдеріс. Өртүрлі факторлар негізінде халықтар мен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың қарқынына байланысты ол ықпалдастықтың сипаты да өзгеріп отырады. Ал қазіргі жаһандану дәуірінде бұл үдерістің барынша қарқын алып отырғанын араб тіліне халықаралық сөздер мен терминдердің, неологизмдердің енуінен көруге болады.

Әдебиеттер

1. Белкин В.М. Арабская лексикология. – М.: МГУ, 1975.
2. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. – М.: Русский язык, 1977.
3. Борисов В.М. Русско-арабский словарь. – М.: Русский язык, 1981.
4. Трabelси Хайфа. Вопрос терминологии в арабском дипломатическом языке Государственный Институт русского языка им. А.С. Пушкина, кафедр русской словесности и межкультурной коммуникации (www.academia.edu/2437503/)
5. Алжанбаева Ұ.Т. Араб тіліндегі түркізмдер. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
6. Новейший словарь иностранных слов и выражений. – Минск, 2007.
7. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990.
8. Ковалев А.А., Шарбатов Г.Ш. Учебник арабского языка. – М.: Восточная литература РАН, 1998.

References

1. Belkin V.M. Arabskaya leksikologiya. – M.: MGU, 1975.
2. Baranov H.K. Arabsko-russkii slovar. – M.: Russkii yazik, 1977.
3. Borisov V.M. Russko-arabskii slovar. – M.: Russkii yazik, 1981.
4. Trabelsi Haifa “Vopros terminologii v arabskom diplomaticheskom yazike”, Gosudarstvenniy Institut russkogo yazyka im. Pushkina, kafedra russkoi slovesnosti i mezhkulturnoi kommunikatsii (www.academia.edu/2437503/)
5. Alzhanbayeva U.T. Arab tilindegi turkizmder. – Almaty: Kazak universiteti, 2001.
6. Noveishii slovar inostrannyh slov i vyrazhenii. – Minsk, 2007g.
7. Lingvisticheskii entsiklopedicheskii slovar. – M.: Sovetskaya entsiklopediya, 1990.
8. Kovalev A.A., Sharbatov G.Sh. Uchebnik arabskogo yazyka. – M.: Vostochnaya literatura RAN, 1998.